



2026-2027 оқу жылына арналған «B005 Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау» және «B098 Спорт» білім беру бағдарламалар тобы бойынша оқуға қабылдау шығармашылық емтихандардың бағдарламасы

Бұл бағдарлама 6B01401 – «Дене шынықтыру және спорт», 6B01403 - «Бейімдік дене шынықтыру және спорт», 6B01404 – «Фитнес және рекреация», 6B11501 – «Спорттық қызмет көрсету саласындағы ұйымдастыру және басқару» білім беру бағдарламаларына қабылданатын талапкерлер үшін қойылатын талаптарды қамтиды.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қабылдау емтихандарының негізгі мақсаты – талапкерлердің дайындық деңгейін анықтау, талапкердің дене дайындығын бағалау, физикалық деректердің мамандық талаптарына сәйкестігін тексеру, білім беру бағдарламасын меңгеру үшін дене шынықтыру және психологиялық қасиеттерді талап ететін негізгі қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеру деңгейін анықтау.

Оқуға қабылдану емтихандары 2 кезеңнен тұрады:

1. Мамандану бойынша нормативтер– жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар және қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша талапкерлерге арналған.

2. Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер– жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар талапкерлерге арналған.

1 Кесте– Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар талапкерлерді бағалау

№	Кезеңдер	Мазмұны	Максималды балл
1	2	3	4
1	Бірінші шығармашылық емтихан	Мамандану бойынша нормативтер	50 балл
2	Екінші шығармашылық емтихан	Жалпы дене даярлығы бойынша нормативтер (ЖДЦ)	50 балл
Жиынтығы ең жоғары балл сомасы - 100			

Оқуға түсу емтихандарының нәтижелері сынақ жүйесі бойынша бағаланады.

Есептелді – 50 баллға дейін

Есептелмеді – 5 баллдан төмен

2 Кесте – Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша талапкерлерді бағалау

№	Кезеңдер	Мазмұны	Максималды балл
1	2	3	4
1	Шығармашылық емтихан	Мамандану бойынша нормативтер	20 балл
Жиынтығы ең жоғары балл сомасы - 20			

Оқуға түсу емтихандарының нәтижелері сынақ жүйесі бойынша бағаланады.

2026 жылы оқуға түсу емтихандарын өткізу мынадай түрде ұйымдастырылады:

1. Талапкер кесте бойынша келіп, мамандандыру бойынша нормативтерді тапсыруы тиіс.
2. Талапкер кесте бойынша келуге және жалпы дене дайындық бойынша нормативтерді тапсыруға тиіс.
3. Назар аударыңыз, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша талапкерлерді тек мамандандыру бойынша нормативтерді тапсырады.

Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы



Конакбаев Б.М.